



**№ 1 (37)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
<http://www.izrk.kz> сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Ғабдуәлиев
Д. Досмырза
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

2014 жылдың қорытындысы және 2015 жылға арналған басымды міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы туралы, Астана қ., 2015 жылғы 6 ақпан (ҚР Әділет министрлігінің баспа қызметі).....	5
Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 70-жылдығы.....	9
З.К. АЮПОВА, Ә.Ғ. САҚТАҒАНОВ Ұстаздар және тәлім- герлер – соғыс батырлары туралы.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Ұлы Отан соғысына қатысушы заңгерлер	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Қазақстан Республика- сындағы тәуелсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздері туралы мәселесіне.....	18
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА, И.О. ӘУБӘКІРОВА Қазақстан Респу- бликасы мен Еуропа елдеріндегі мемлекеттік қызметті құқық- тық қамтамасыз ету: салыстырмалы тәжірибе.....	23
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	29
А.А. МҰҚАШЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша қоғамдық бірлестіктерінің қызметін құқықтық реттеу.....	29
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Қазақстан Республикасы заңнамасының кейбір салалары мен ішкі салаларын кодификациялау мәселелері туралы.....	36
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	41
А.Қ. ҚАНАТОВ, Н.М. МҰНАЙТБАСОВ Сотқа деген сенім- діліктің деонтологиялық негіздері.....	41
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ Экологиялық қауіп- сіздікке қол сұғатын экологиялық қылмыстық құқық бұзу- шылықтардың криминологиялық сипаттамасы.....	45
Ж.К. ҚОЖАНТАЕВА Тонау заты туралы мәселе бойынша...	
М.К. ЖОЛЫМБАЕВ, Г.Ж. ӘМІРОВА Жасырын тергеуінің процесуалдық әрекеттерінің кәзіргі заманның континентал- дық қылмыстық-процесінің заңнамасы.....	57
А.Ж. ЖЫЛҚЫБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Кәмелет жасқа толмаған- дардың қылмыстылығы криминологиялық зерттеу объектісі ретінде.....	63

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	68
М.А. СӨРСЕМБАЕВ Еуропа одағы тәжірибесі тұрғысында қоршаған ортаға энергетика әсерінің ЕАЭО аясындағы құқықтық мәселелері.....	68
Қ.С. МӘУЛЕНОВ Миграциялық үдерістер саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық ынтымақтастығы.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (Мәскеу қ.) Қазіргі халықаралық құқық трендідегі еуразиялық интеграциялық процестер.....	83
Құқықтық мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Заңнаманың тиімділігін айқындау.....	92
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	95
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Қазақстандағы тіл саясаты.....	95
Д.М. ШЫҢҒЫСБАЕВА Халықаралық шарт жобалары мәтіндерінің теңтүпнұсқалылығын қамтамасыз етудегі кейбір мәселелер.....	100
М.Ә. ӘБДІРЕЕВА Заңнамалық актілер тілін жетілдіру мәселелері туралы.....	104
А.М. ҚАСЫМОВА Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы.....	108
Н.А. ХАМЗИНА Мемлекеттік тілдегі заңнаманың кейбір мәселелері.....	112
Шетелдік тәжірибе	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Америка Құрама Штаттарының сот жүйесінің ерекшеліктері.....	116
Жас ғалым мінбері	122
Д.Ш. ҚҰСАЙЫНОВ Тұрғын үй қатынасы саласындағы алаяқтылықты тергеудің алғашқы сатысының ерекшеліктері.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасы: Еуропалық Одақ құқығымен салыстырмалы сараптама.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына халықаралық шарттарды имплементациялау тәртібінің өзекті сұрақтары.....	134
Е.А. ОМАРОВ Қылмыстық іс бойынша халықаралық тапсырмаларды орындау барысында алынған құпия мәліметтерді сақтау қағидасы.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі халықаралық ынтымақтастық.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану қылмысындағы елеулі зиян ұғымын анықтау мәселелері.....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия және Біріккен Ұлттар Ұйымы.....	154
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарыштық қоршаған ортаны ластағаны үшін халықаралық құқықтық жауапкершілік (Қазақстан Республикасы тәжірибесі).....	158
А.Ж. САДЫҚОВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметін құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	164
Ақпараттық хабарламалар	169
2015 ж. 3 сәуірде Астана қ. өткізілетін әкімшілік рәсімдерді заңнамалық реттеуді жетілдіру мәселелері, оның ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заң жобасын (жаңа редакция) әзірлеу сұрақтары бойынша дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	169
Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	171
Мерейтой	172
З.Ғ.Д., проф. М.С. Нәрікбаевтің 75 жылдық мерейтойына орай.....	172
З.Ғ.Д., проф. Қ.С. Мәуленовтің 60 жылдық мерейтойына орай.....	174



**№ 1 (37)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
<http://www.izrk.kz>

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
М.Т. Габдуалиев
Д. Досмырза
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.izrk.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

О расширенном заседании коллегии Министерства юстиции Республики Казахстан по итогам 2014 года и приоритетным задачам на 2015 год, г. Астана, 6 февраля 2015 года (пресс- служба Министерства юстиции РК).....	5
70-летие Победы в Великой Отечественной войне.....	9
З.К. АЮПОВА, А.Г. САКТАГАНОВ Об учителях и настав- никах - героях войны.....	9
Ж.И. ИБРАГИМОВ Юристы-участники Великой Отечест- венной войны.....	13
Конституционное и административное право	18
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ К вопросу о конституцион- но-правовых основах суверенитета в Республике Казахстан Л.Т. ЖАНУЗАКОВА, И.У. АУБАКИРОВА Правовое обеспечение государственных услуг в Республике Казахстан и европейских странах: сравнительный опыт.....	18 23
Гражданское и гражданско-процессуальное право	29
А.А. МУКАШЕВА Правовое регулирование деятельности общественных объединений по законодательству Республики Казахстан.....	29
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА О проблемах кодификации некоторых отраслей и подотраслей законодательства Республики Казахстан.....	36
Уголовное право и уголовный процесс	41
А.К. КАНАТОВ, Н.М. МУНАЙТБАСОВ Деонтологические основы повышения доверия к суду.....	41
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ Криминологическая характеристика уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.....	45
Ж.К. КОЖАНТАЕВА К вопросу о предмете грабежа.....	52
М.К. ЖОЛУМБАЕВ, Г.Ж. АМИРОВА О конфиденциальных процессуальных действиях в современном континенталь- ном уголовно-процессуальном законодательстве.....	57
А.Ж. ЖИЛКУБАЕВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Преступность несовершеннолетних как объект криминологического изучения.....	63

Международное право и сравнительное правоведение	68
М.А. САРСЕМБАЕВ Правовые проблемы влияния энергетики на окружающую среду в рамках ЕАЭС в свете опыта Европейского союза.....	68
К.С. МАУЛЕНОВ Международно-правовое сотрудничество Республики Казахстан в области миграционных процессов.....	77
А.А. КАШИРКИНА, А.Н. МОРОЗОВ (г. Москва) Евразийские интеграционные процессы в тренде современного международного права.....	83
Правовой мониторинг	92
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Определение эффективности законодательства.....	92
Из практики законотворчества на государственном языке	95
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Языковая политика в Казахстане.....	95
Д.М. ШЫНГЫСБАЕВА Некоторые вопросы обеспечения аутентичности текстов международных договоров.....	100
М.А. АБДРЕЕВА О проблемах совершенствования языка законодательных актов.....	104
А.М. КАСЫМОВА О проблеме системности в национальной терминологии	108
Н.А. ХАМЗИНА Некоторые вопросы законодательства на государственном языке.....	112
Зарубежный опыт	116
С. САНСЫЗБАЙҚЫЗЫ Особенности судебной системы Соединенных Штатов Америки....	116
Трибуна молодого ученого	122
Д.Ш. КУСАИНОВ Особенности первоначального этапа расследования мошенничества в сфере жилищных отношений.....	122
О.В. ЛОЗОВАЯ Законодательство Республики Казахстан в сфере защиты персональных данных: сравнительный анализ с правом Европейского Союза.....	128
Ж.А. МАМИТОВА Проблемные вопросы порядка имплементации международных договоров в уголовное законодательство Республики Казахстан.....	134
Е.А. ОМАРОВ Принцип конфиденциальности сведений, полученных в ходе исполнения международных поручений по уголовным делам.....	139
Ж.К. ЖИЕНТАЕВА Международный опыт в борьбе с коррупцией.....	144
З.Б. ОМАРХАНОВА Проблемы определения понятия «существенный вред в превышении власти или должностных полномочий».....	149
А.Т. БЕКЕН Радмиссия и Организация Объединенных Наций.....	154
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за загрязнение космической окружающей среды (опыт Республики Казахстан).....	158
А.Ж. САДЫКОВ Некоторые проблемы правового регулирования предпринимательской деятельности некоммерческих организаций по законодательству Республики Казахстан....	164
Информационные сообщения	169
Информационное сообщение о круглом столе по вопросам совершенствования законодательного регулирования административных процедур, в том числе разработки проекта Закона «Об административных процедурах» (новая редакция) 3 апреля 2015 года в г. Астана	170
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	171
Юбилеи	172
К 75-летию д.ю.н., проф. М.С. Нарикбаева.....	172
К 60-летию д.ю.н., проф. К.С. Мауленова.....	174



Қасымова Айсұлу Молдағұлқызы,
*ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының
 НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми
 лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері*

ҰЛТТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯДАҒЫ ЖҮЙЕЛІЛІК МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Әлемдік қауымдастық Қазақстан Республикасын демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде таныды. Кез келген елдің мемлекеттілігін айқындайтын негіз қалаушы фактор оның тілі болып табылады.

Көп ғасырлық тарихы бар қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілуіне байланысты оның қоғамдық маңызы арта түсті. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қоғамдық функциясын дамытуда, оның қолданылу аясын кеңейтуде ұлттық терминологияны реттеудің, жүйелеу мен дамытудың ерекше маңызы бар.

Ұлттық терминологияның қалыптасуына, әсіресе нақты ғылыми салалар жекелеген пәндерге деген мұқтаждықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қосқан ұлы ғалым А. Байтұрсыновтың еңбектері айрықша маңызға ие болды.

Егемендік алуға және қазақ тіліне мемлекеттік тіл мәртебесінің берілуіне байланысты ұлттық терминология проблемаларына ерекше мән беріле бастады. Қазақ терминологиясының ұлттық ерекшелігін жаңғырту үшін жаңа мүмкіндіктер ашылды. Бұрынғы ондаған шет тілі терминдеріне сәтті қазақша баламалар таңдалып алынды. Тәуелсіздік жылдары әртүрлі ғылым салалары бойынша қаншама сөздіктер шығарылды.

Алайда, соңғы жылдары қазақ тілінің терминологиялық жүйесін әзірлеу белсенділігінің күрт өсуіне қарамастан, ұлттық нақыштағы терминдерді жасау кезінде қазақ тілінің ішкі ресурстары, лингвистикалық ғылымның жетістіктері барынша толық пайдаланылмай келеді. Қолданылып жатқан шаралар жеткіліксіз болуда. Оның басты себептері: өзара әрекеттесетін екі негізгі фактордың - тілдік фактордың әсіре бағалануынан және тілдік емес (әлеуметтік, саяси, экономикалық, психологиялық, тарихи, географиялық, өзге де)

факторлардың ескерілмеуінен тілдік ахуалдың қалыптасуы болып табылады.

Тілді өте нәзік те жанды құбылыс дейміз. Ол аса мұқияттылықты, сақтықты талап етеді. Тіліміздің лексикасына еніп жатқан жаңа сөздер мен терминдердің бірден-бір жүйеге түсіп, орнығын кете қоймауы да оның осындай табиғатын байқатады.

Дегенмен де кейінгі кезде, әсіресе лингвистикалық әдебиеттерде терминдердің жүйелілігі мәселесі жиі айтылып жүр. Ал енді бұл жүйелілік дегенді елдің бәрі бірдей дұрыс түсіне бермейтін сияқты. Әрқилы пікір бар. Мұның әркім әртүрлі жағын алып өзінше түсіндіргісі келеді. Мәселен, белгілі терминолог-тілшілердің бірі В.П. Даниленко мұның классификациялық мәніне баса назар аударып, сол тұрғысынан алып түсіндірмек болады.

Терминнің жүйелілікке сәйкес жасалып, терминологияның жүйелі болуы қажеттігін алғаш атап көрсеткен ғалымдардың бірі А.А. Реформатский «Тілдегі сөздердің жалпы үрдісі – сөзжасамдағы жүйелілік – терминдерде бұл үрдіс айрықша айқын байқалады», - деп жүйеліліктің терминологияда ерекше анық көрініс табатындығын айта келіп, «Терминология белгілі бір ғылымның ұғымдар жүйесін білдіру үшін қажет» деген тұжырым жасайды. Бұл – ұғымдар жүйесін белгілейтін атаулар жиынтығының да өзі таңбалаушы болып отырған жүйенің ерекшелігін көрсете алатындай жүйелі болуы керек деген сөз. Ғалым терминологияның ең алдымен, ұғымдар жүйесін көрсету үшін қажеттігін оның басты белгісінің бірі ретінде атап айтады.

Ал үшінші бір пікір осы айтылғандарды дамыта келіп, терминдер жүйесін екі түрлі ыңғайда қарастырады. Яғни оны бір жағынан терминологиялық жүйенің элементі ретінде,

екінші жағынан жалпы тіл жүйесінің элементі есебінде бағалайды.

Түркология ілімінде де бұл жайында белгілі бір түсінік орныға бастаған тәрізді. Олардың қайсыбірі мына тектес. Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі бір жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет. Оның айтуынша, терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады.

Жүйелілік тәртібі сақталатын жерде синонимдік қатарға, көпмағыналылыққа орын жоқ. Әсіресе, әртүрлі қызмет атқаратын жалғау, жұрнақтарды белгілі бір мағынада қайталап қолдануға әуес болмаған жөн. Жалпы, қалайда терминдер жүйелілігі лексика тұрғысынан да, морфология тұрғысынан да талап етілген дұрыс. Жай сөздер табиғатына тән кейбір грамматикалық ауытқулар терминдерде болмауға тиіс.

Терминдерді реттеп, жүйелеп отыру сөзсіз қажет. Қажет қана емес, ол – міндетті түрде жүргізілуге тиісті іс.

Жүйелілік, бір ізге түсіру мәселесін сөз еткенде, алдымен термин сөздер мен олардың аудармалары ойға оралады. Терминдер әртүрлі салада көптеп шығып жатқанымен әлі күнге дейін олардың баламаларының ала-құлалығын, бір ізге түспей келе жатқандығын көруімізге болады. Расында көптеген терминдердің жарыспалы атауларының көптігі әркімді де жаңылыстыратыны анық. Ел тәуелсіздігінің жиырма жылдан астам уақыт ішінде қабылданып, қолданысқа енгізілген заң мәтіндерінде пайдаланылып жүрген терминдер мен терминдік тіркестерді жүйелеу ісі ықтиятты зерттеу мен табанды жұмысты қажет етеді. Осы ыңғайда қолданыстағы заңнамада әлі де болса қатар қолданылып жүрген бірқатар терминдер мен терминдік тіркестер жүйелеп, бірізділікке түсіруді қажетсінетіндігіне назар аударғым келеді. Мәселен, адекватный – барабар, сайма-сай; определение – анықтау, айқындау; единый – біртұтас, бірыңғай; компоненты – құрамбөліктер, құрауыштар; ходатайство – өтінішхат, қолдау хат; сооружения – құрылыстар, ғимараттар; толерантность – тағаттылық, төзімділік; риск – қауіп-қатер, тәуекел; инцидент – жанжал, инцидент, оқиға; конфликт – жанжал, қақтығыс;

представить – табыс ету, ұсыну; нерезидент – резидент емес, бейрезидент; проработка – пысықтау; доработка – пысықтау; достоверная – дәйекті, дұрыс, анық және т.б. Қолданыстағы заңнаманы зерделей келе, терминдерге қатысты теориялық еңбектерді басшылыққа ала отырып, олардың ішіндегі қолданылу жиілігі жоғары және мағыналық дәлдігі сақталатын нұсқасын қолданысқа енгізген дұрыс болар еді.

Қолданыстағы заңнама тәжірибесіндегі терминологиялық лексиканың жүйелілігін және бірізділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мәселесін құрылыс саласындағы «строительство», «сооружение», «строение», «постройка» сөздері көбінесе «құрылыс» деген бір сөзбен алынып жүр. «Сооружение» деген сөзді жеке кездесе «ғимарат» деп, ал осы сөздің тікелей баламасы «здание» деген сөзбен қатар кездесе «құрылыс» деп, ал егер «строительство», «здание», «сооружение», «строение», «постройка» деген сөздер қатар кездесе, әркім әртүрлі амал жасап, өз бетінше аударып келеді. Осы күнге дейінгі бірде-бір сөздікте аталған сөздерге жеке-жеке балама тауып, бекіту әрекеті жасалған емес. Осы мысалдың өзінен-ақ терминологиядағы жүйелілік мәселесінің шешімін таппай отырған өте күрделі екендігіне көз жеткізуге болады.

Сонымен қатар заң жобаларында ұсыныс – ұсыным сөздерін бірінің орнына бірін қолдану тәжірибесі жиі кездеседі. Осындай олқылықтарды болдырмас үшін: предложение – ұсыныс, рекомендация – ұсыным, представление – ұсыну деп ажыратып қолданған жөн.

Осылайша қолдану тәжірибесі де бар екендігіне қолданыстағы заңнаманы зерделей келе де көз жеткізуге болады. Дәл осындай проблема түсініктеме – түсіндірме сөздеріне де қатысты деп есептейміз. Ұлттық заңнамада түсініктеме беру – давать объяснение; түсіндірме беру – давать пояснения деген нұсқаларда қолданған жөн деп есептейміз.

Қолданыстағы заңнама мәтіндерінде салалық терминдер мен терминдік тұрақты тіркестердің кейде бірізді алынбау салдары заңнама терминологиясын жүйелілікке түсіру үшін заңгерлер мен лингвистердің алға қойылған міндеттерді бірлесе отырып, кешенді түрде зерттеу жұмыстары жүргізілгенде ғана нақты нәтижелерге қол жеткізіледі.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті проблемалар бар. Оның біріншісі – нормативтік-құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы. Нормативтік құқықтық

актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, осы жобалардың сол тілдегі мәтіні ғана пысықталып, ал қазақ тіліндегі аударма нұсқасының назардан тыс қалуы, жалпы жобамен жұмыстың негізінен орыс тілінде жүргізілуі, жалпы алғанда ұлттық заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Заң жобалары мемлекеттік тілде әзірленсе ғана терминдер түрлі мамандар талқысынан, жан-жақты сараптаудан өтіп, салалық терминдер қалыптасар еді, ол ұлттық терминологиялық жүйеге негіз болар еді.

Қоғамдық қатынастардың бір немесе бірнеше ұқсас саласын реттейтін құқық нормасының мәтіндік, редакциялық жағынан өзгеріске ұшырамай, қалыптасқан шаблон секілді қайталанып келуі заңдылық деуге болады. Мемлекеттік тілдегі заң мәтіндерінде терминдер мен атау сөздердің жарыспалы баламаларын бір ізге түсіп, әбден қалыптастыру жүйелі жүргізілетін жұмысты талап етеді және ол – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Салалық терминдер мен терминдік тіркестердің ұлттық заңнама терминологиясы шеңберінде қарастырылуы шарт. Өйткені, заңдар қоғам өмірінің барлық саласын реттейтін жоғары құқықтық акт болып табылады. Сондықтан заңнама терминдері қоғамның тіршілік-тынысының барлық саласын

қамтиды. Ұлттық заңнама терминдерін бір ізге түсіру үшін халықаралық теорияның қазіргі қағидаттарына сай терминдерді стандарттау және өзара үйлестіру жұмысын жандандыру қажет. Ол үшін мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында термин мәселесімен арнайы түрде айналысатын, білікті ғалымдар мен арнайы сала мамандарының бірлесіп, жүйелі түрдегі нәтижелі жұмысы жолға қойылғаны жөн деп санаймыз.

«Қазақ тілі — біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз — оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толығы түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз», — деген болатын Президент Нұрсұлтан Назарбаев халыққа Жолдауында. Бұл еліміз тіл дамыту саясатын дұрыс ұстанып, саликалы іс-әрекет жасап отырғандығын көрсетеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық терминологияның қалыптасып, толығы үшін салалық терминдер мен терминдік тіркестерді жүйелеп, біріздендіру жұмыстарын жан-жақты жүргізуді қажет етеді. Бұл келешекте барлық сала мамандарының бірлесе отырып, жүйелі зерттеулер жүргізіп, ұлттық терминологиялық қордың ғылыми негізде жүйелі түрде дамып, оның кемелдене түсуіне негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. «Тіл – құрал». - Алматы, 1991.
2. Даниленко В.П. Как создаются термины / Русская речь. 1967. № 2. - С. 58.
3. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология? / Вопросы терминологии. М., 1961. - С. 54.
4. Будагов Р.А. Введение в науку о языке. - М., 1965. - С. 33, 36.
5. Гасымов М.Ш. Основы терминологии азербайджанского языка: Автореф. дисс. д-ра филол. наук. Баку, 1972. С.19.
6. Ө. Айтбаев. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - Алматы, 2007.
7. Ш. Құрманбайұлы. ТЕРМИНТАНУ (оқу құралы). – Астана, 2009. - 111-бет.
8. Терминологиялық хабаршы, 2014, № 2.
9. Заңнама терминдерінің қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздігі. – Астана, 2011.
10. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік терминологиялық жұмыс тұжырымдамасы.
11. Терминология: теория және тәжірибе. – Астана, 2001. - 47-бет.



Мақалада ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: ұлттық заңнама тілі, жүйелілік, тең түпнұсқалық.

В статье рассматриваются проблема системности в национальной терминологии.

Ключевые слова: язык законодательства, системность, аутентичность.

Problem questions arising up during translation of normatively-legal acts are examined in the article.

Keywords: language of legislation, problem systematic, authenticity.

Айсұлу Молдағұлқызы Қасымова,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының аға ғылыми қызметкері

Ұлттық терминологиядағы жүйелілік мәселесі туралы

Касымова Айсулу Молдағалиевна,

старший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

О проблеме системности в национальной терминологии

Kasymova Aisulu Moldagalievna,

Senior Researcher of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

On the problem of systemic national terminology

